

11 «Таңшолпан» бөбекжай бақшасы

Панорамалық сабақ

Тақырыбы: «Тазалық- денсаулық кепілі!»

Өткізген : Алиева Л

«Көркем» ортаңғы тобы

2021-2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: Тазалық- саулық кепілі.

Мақсаты: Тазалық туралы түсінік беру, балаларды сөйлеуге мәдени-гигиеналық дағдылардың маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. Өз-өзіне қызмет көрсете алу және салауатты өмір салтын ұстанып, күн тәртібінің сақталуы туралы білім беру. Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.

Көрнекілік: Тазалық тақырыбындағы суреттер, АКТ

Әдіс-тәсіл: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап. Раун Робин әдісі

Сөздік жұмыс: сабын, сүлгі, тарақ, айна, тіс щеткасы

Шаттық шеңбері:

Шеңбер құрып тұрайық

А лақанды ашайық

Жүрекке жылу салайық

Жиналған осы жылуды

Б ір бірімізге сыйлайық

Балалар таңертең ұйқыдан тұрған соң не істейсіңдер?

-Жуынамыз

-Немен жуынасыңдар?

-Сумен жуынамыз

-Жуынып- болған соң не істейсіңдер?

-Сүлгімен сүртінеміз. –Жарайсыңдар балалар!

-Ендеше балалар біз бүгінгі оқу қызметімізде «Тазалық- саулық кепілі» туралы

Суретпен жұмыс: Біз өзіміздің денсаулығымызды ойлауымыз керек, аурудың алдын алу үшін таза жүруіміз керек.

С оның ішінде қолды дұрыс жуу керек.

ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Суретке қара. Қолды дұрыс жуып үйрен.

	Жеңді түреміз.
	Шүмекті ашамыз.
	Қолды сабындап жуамыз.
	Шүмекті жабамыз.
	Қолды сүртеміз.
	Жеңді түсіреміз.

Жұмбақ жасыру

1. Дымқылдап күнде сен
Қолыңа сүйкесең
Кетіп кір-ласың,
Тап-таза боласың,
Бұл не? -Сабын

2.Шомылған баланы

Аймалап алады

Сүртеді қолын да

Сүртеді жонын да -Бұл не? -Сүлгі

Дидактикалық ойын:



Сергіту сәті

Қорытынды бөлім

-Балалар бүгін біз қандай заттармен таныстық? -

Сабын,сүлгі,айна,тарақ. -Бұларды біз бір сөзбен тазалық заттары деп атаймыз. -Тазалық заттарын үнемі пайдалансақ,мұнтаздай таза болып жүреміз.

Балаларды мақтап-мадақтау арқылы оқу қызметін қорытындылау.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Тазалықтың заттарын білді.

Не игерді:Сабақ барысында тазалық сақтауды үйренді.

Не істей алды:Сүлгіні,сабынды жапсыра алды.